# I БӨЛІМ
# ХАЛЫҚ ӘНДЕРІ

## 1. АБАЙ ГҮЛІМ-АЙ

**Орындаған Жамал Омарова**




Айналайын қарағым, алтыным-ай,
Ақ дидарын көргенде балқыдым-ай.
Сіз дария болғанда, біз қоңырқаз,
Бауырым төсеп бетіңе қалқыдым-ай.

Айналайын қарағым орта бойлым,
Сары майдан айырып торта қойдым.
Жаңа ғана жүзінді көрсемдағы,
“Күлімкөз” деп атыңды жорта қойдым.